

**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Механика-математика факультеті
Механика кафедрасының профессоры,
физика-математика ғылымдарының докторы**

**ҚАЛТАЕВ
АЙДАРХАН ЖҮСІПБЕКҰЛЫ**



**Құрметті
Айдархан Жүсіпбекұлы!**

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Сізді 70 – жылдық мерейтойыңыз және ғылыми-педагогикалық қызметіңіздің 45 жылдығымен құттықтайды!

Сіз алғаш рет студент ретінде қадам аттаған қара шаңырақ, Қазақ Ұлттық университетінде 45 жыл бойы талмай еңбек етіп келесіз. Сіз еңбек еткен жылдарда 15 жылға жуық механика кафедрасының меңгерушісі, факультет деканы қызметтерін атқарып, басшылық еттіңіз.

Сіз басқарған жылдардан бастап механика кафедрасы білім мен ғылым саласында айрықша нәтижелермен даму кезеңінде ерекше орын алды. Алдыңғы қатарлы әлемдік Университеттер, ғылыми зерттеу орталықтарымен халықаралық байланыс және ынтымақтастықты арттыруда үлкен үлес қостыңыз.

Сіздің жетекшілігіңізбен жүргізілген ғылыми жұмыстардың өзектілігі, зерттеулерді іске асырудың жоғары деңгейі және шет ел профессорлары арасындағы ынтымақтастық арқасында, Академик Ш.А. Ершин қалыптастырған гидромеханика мектебін одан әрі дамытып, әлемдік деңгейге көтердіңіз.

Сіз университетте алғашқылардың бірі болып шетелдік ғалымдармен бірлескен зерттеулер жүргіздіңіз, Халықаралық ғылыми-техникалық орталық және Әлемдік Банк қаржыландырған ғылыми жобаларды жүзеге асырып, іргелі және қолданбалы зерттеулермен айналыстыңыз. 100-ден аса ғылыми мақалаларыңыз жарияланды.

Сіздің жетекшілігіңізбен бір физика-математика ғылымдарының докторы, 14 Ph докторы дайындалды. Қазіргі күні, шәкірттеріңіз әлемнің ең үздік Top университеттерінің ғылыми орталықтарында (Сингапурдың Nanyang Technology University, Сауд Арабиясының KAUST университеті, АҚШ-тың Stanford University және Pittsburgh University, Францияның University de Lorraine) табысты еңбек етіп, ғылыми жұмыстармен айналысуы сіздің әлемге танылған ғалым екеніңіздің дәлелі.

Қос дипломдық халықаралық бағдарлама бойынша кадрларды бірлесіп дайындайтын қазақ-француз Геоэнергетика орталығының ашылуына да сіз тікелей ықпал еттіңіз. 100-ден астам магистр, 10 нан аса PhD докторлар даярланған Геоэнергетика орталығының түлектері қазіргі таңда сұранысқа ие, Қазақстан экономикасының әр саласында қызмет атқаруда. Бұл да сіздің еңбегіңіздің жемісі деп білеміз.

Терең білім, берік ұстаным, қатаң талап, іскерлік қабілет және үлкен азаматтық қасиеттер, Сізді, қатардағы оқытушыдан Қазақ елінің белгілі де беделді, әлемге танылған ғалымы деңгейіне көтерді.

Құрметті Айдархан Жүсіпбекұлы!

Осы таңда жетпістің желкенін керіп отырған, Сізді, саналы жұмырын жоғары білім мен ғылымға арнаған зиялы азамат ретінде білеміз. Сізді мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтап, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, еңбегіңізге жеміс тілейміз!

**Құрметпен,
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
ҚР ҰҒА академигі**



Ғ. Мұтанов

Әл-фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 20
қараша 2020 №391 бұйрығына сәйкес

Қалтаев Айдархан Жүсіпбекұлы

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ін
дамыту жолдағы еңбегі үшін»
әл-Фараби күміс медалімен
марапатталады

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!!!



According to the order No. 391 of al-Farabi Kazakh
National University dated November 20, 2020,

Aidarkhan KALTAYEV

is awarded the **SILVER** medal
“For significant work in the development
of Al-Farabi KazNU”

CONGRATULATIONS !!!



Согласно приказу №391 Казахского национального университета имени аль-Фараби от 20.11.2020 года

Калтаев Айдархан Жусипбекович

награждается
СЕРЕБРЯННОЙ медалью аль-
Фараби
«За значительный труд в развитии
КазНУ им. аль-фараби».

ПОЗДРАВЛЯЕМ!!!

